



«Қ@З@ҚШ@ С@ЙР@-2014»

Рахымжан Отарбаев

Әңгімелер жинағы (қазақ және орыс тілінде)

ПЕРІШТЕЛЕР ҰЙЫҚТАМАЙДЫ

Электрондық оқулық

Рахимжан Отарбаев

Сборник рассказов (на казахском и русском языках)

АНГЕЛЫ НЕ СПЯТ

Электронная книга

Қазақстанда кеңінен танымал прозашы, драматург Рахымжан Отарбаевтың әңгімелер жинағын біріктіретін «Періштелер ұйықтамайды» кітабы Академик З.Қабдолов атындағы қордың (әдеби-тарихи мәдени «Алшы» қорымен серіктестік негізінде) атыраулық жазушылардың электрондық кітапханасын екі тілде қалыптастырудағы кезекті үлесі болып табылады.

Бастапқыда кітаптың түпнұсқалық мәтіні қазақ тілінде жазылып, барлық шығармаларды жазушы, ақын, Бекет Қарашин (он сегіз әңгіме) және аудармашы Қалиолла Байменов тәржімалаған (соңғы он әңгіме)

Осылайша, кітаптың барлық мәтінін лексикалық білім аспектісін орындауға қабілетті біртұтас көркем сөздік-аудармашы қызметінде деуге болады. Яғни, мазмұн екі тілге аударылып, мәтіннің түпнұсқасы іспетті кіріктірілген интерактивті сөздіктің қызметін атқарады, сондай-ақ, жинақты оқу кезінде онлайн режимінде орыс тілінен қазақ тіліне және керісінше аударма жасауға мүмкіндік береді.

Кітап үлгісі электрондық кітаптарды пайдаланушылар арасында бүкіл әлемде кеңінен таралған iPad және Android тұғырнамаларымен біріктірілген, яғни олар электрондық әдебиеттің барлық дерлік ридерлер типін тұтынушыларға қолжетімді етуге мүмкіндік жасайды.

Жинақ тізбектеу арқылы жалпы қолжетімді әдеби серверлерде, танымал ақпараттық және әлеуметтік желілерде, Қабдолов қорының сайтында, жобаның арнаулы сайтында, сондай-ақ серіктестердің, жазушылар одағы мен әдеби клубтардың электрондық пошталарына жіберу арқылы таратылады. Кітапты жүктеп алу тегін.

Аталған кітап Академик З.Қабдолов атындағы қордың «Қ@З@ҚШ@ С@ЙР@-2014» жобасы бойынша «Теңізшевройл» ЖШС-нің қаржылай демеушілігі негізінде шығарылған. Ол қазақ тілін үйренуге ынталы көпшілік оқырманға арналған.

Редакциялық алқа:

Бас редактор - Бекет Қарашин;

Редакторлар – Габит Молдамұрат, Г. Пряхин;

аудармашылар – Б. Қарашин, Қ.Байменов;

Құрастырушы - Бекет Қарашин

Кітапты беттеуші және дизайнер – И. Борзых

Книга «Ангелы не спят», представляющая собой сборник рассказов широко известного в Казахстане прозаика и драматурга Рахимжана Отарбаева, является очередным вкладом фонда им. академика Кабдолова (в партнёрстве с Литературно-историческим культурным фондом «Алшы») в формирование уникальной электронной библиотеки атырауских писателей на двух языках.

Оригинальный текст книги был изначально казахским. Все произведения претерпели процесс перевода в исполнении писателя и поэта Бекета Карашина (восемнадцать рассказов) и переводчика Калиоллы Бейменова (десять последних рассказов)

Таким образом, весь текст книги представляет собой единый художественный словарь-переводчик, способный выполнять образовательный аспект. То есть содержание лексически адекватно дублируется на двух языках, представляя собой как текст оригинала, так и встроенный интерактивный словарь, который позволяет в процессе чтения в он-лайн режиме получить перевод с русского на казахский, и наоборот.

Формат книги совмещается с наиболее распространенными среди пользователей электронных книг во всём мире платформами iPad и Android, что делает ее доступной пользователям практически всех типов ридеров электронной литературы.

Сборник распространяется посредством выкладки на общедоступных литературных серверах, в популярных информационных и социальных сетях, на сайте фонда Кабдолова, специализированном сайте проекта, а также многочисленных рассылок по электронным адресам партнёров, писательских союзов и литературных клубов. Скачивание книги бесплатное.

Книга издана на инвестиционные средства ТОО ТШО по проекту фонда имени академика Зейноллы Кабдолова «Қ@З@ҚШ@ С@ЙР@-2014». Она предназначена для широкого круга читателей и масс, заинтересованных изучить казахский язык.

Редакционная коллегия:

Главный редактор - Бекет Карашин,

Редакторы – Габит Молдамұрат, Г. Пряхин (Москва)

Переводчики - Б. Карашин и К. Байменов;

составитель – Б. Карашин,

Верстальщик и дизайнер – Ирина Борзых





РАХИМЖАН ОТАРБАЕВ

Отарбаев Рахымжан - 19/10/1956 жылы Атырау облысы, Құрманғазы ауданында туған.

Отарбаев Рахимжан - родился 19/10/ 1956 года в Курмангазинском районе Атырауской области.

1977 жылы Орал педагогикалық институтын бітірген. Әр жылдарда «Орал өңірі» газетінде тілші, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Қазақ телерадиокомитетінде редактор, «Қазақ әдебиеті» газетінде, «Жалын» альманахында бөлім меңгерушісі, Қырғызстанда Қазақстан елшілігінің аттасесі, Маңғыстау облыстық телерадио компаниясының төрағасы, Атырау облыстық драма театрының директоры, ҚР Президенті Әкімшілігінде сектор меңгерушісі қызметтерінде болған. Астанадағы Ұлттық академиялық кітапхананың Бас директоры болып істеген.

В 1977 году окончил Уральский педагогич. институт. В разные годы работал корреспондентом в газете «Орал өңірі», учителем казахского языка и литературы, редактором в казахском комитете телерадио, в газете «Қазақ әдебиеті», заведующим отдела в альманахе «Жалын», атташе посольства Казахстана в Киргизии, Председателем компании радио-телевидение Мангистауской области, директором театра драмы Атырауской области, заведующим сектора Администрации Президента РК, Генеральным директором национальной академической библиотеки.

Шығармашылығы:

Жазушының әр жылдары «Шер», «Жұлдыздар құлаған жер», «Жайық жыры», «Қараша қаздар қайтқанда», «Дауысыңды естідім», «Аспандағы ақ көбелектер, Біздің ауылдың амазонкалары, Айна-ғұмыр, «Отверженный мир» атты прозалық жинақтары және таңдамалы шығармаларының 2 томдығы жарық көрген. Қытайдың «Ұлттар» баспасынан қытай, қазақ тілінде 2 томдығы, Ресейдің «Художественная литература» баспасынан орыс тілінде бір томдығы және «Проводник судьбы» жинағы жарық көрген. Жекелеген шығармала-

Творчество:

В разные годы были опубликованы его прозаические сборники: «Шер», «Жұлдыздар құлаған жер», «Жайық жыры», «Қараша қаздар қайтқанда», «Дауысыңды естідім», «Отверженный мир» и 2 тома избранных произведений. Издательство «Ұлттар» в Китае выпустило двухтомник на казахском языке, издательство «Художественная литература» в России выпустило однотомник на русском, а также сборник «Проводник судьбы». Отдельные произведения издавались на итальянском, английском, французском языках. В изда-

ры итальян түрік, ағылшын, француз тілдерінде басылған. «Каир» баспасынан «Соғыстың соңғы бомбасы» деген атпен 1 томдығы араб тілінде жарияланды. Көптеген пьесалары республикалық және шетел театрларында сахналанған.

Атақтары:

Махамбет сыйлығының лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, халықаралық Шыңғыс Айтматов сыйлығының лауреаты, халықаралық «Академик Зейнолла Қабдолов марапатының» иегері, «Парасат» орденінің иегері, «Атырау қаласының құрметті азаматы»

тельстве «Каир» была издана книга «Последняя бомба войны». Множество Пьес Рахимжана Отарбаева было поставлено республиканскими и зарубежными театрами.

Награды и звания:

Лауреат премии имени Махамбета, лауреат Международной премии имени Чингиза Айтматова, Заслуженный деятель РК, обладатель международной награды им. Академика З. Кабдолова, Обладатель ордена «Парасат», «Почётный гражданин города Атырау».





АМЕРИКАНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАЙЛЫҒЫ

Аңшы дара ауыз мылтығын құндағынан омырып, майға шыланған матамен қайта-қайта ысқылай сүрткен. Төңірекке «Қапардың қанды ауызы» атанып кеткен мылтықтың шынболатына өң кіріп жылтырай қалды. Жарықтық әкесінің көзіндей қару ғой.

Қошалақтың адыры мен төбе, тепсеңін сыдырып аң қағып, қанжығасына қоян байлап қайтса да мейірленіп: «Бұл мылтықтың аузына мың аң сыйып кетеді», – деп күмпілдеп жер-көкке сыймай оралатын.

Шалы олжалы келсе, шешесі өз етегіне өзі сүрініп жүріп имекбас жез құман мен легенді алдына тосып, ақ сүлгіні тізесіне тастап жылы суды сыздықтатып құяр.

– Осы заманда қай қазақ қазан қақпағын булап жас етті күн сайын жеп отыр дейсің? – деп, шегір көз ақ шұнақ шал танауына уысын толтырып су атып жіберер еді. – А? Ырысы алысқа шашыраған мына біз шығармыз. Анау ойдағы ел қуаты жоқ

НАЦИОНАЛЬНОЕ ДОСТОЯНИЕ АМЕРИКИ

Охотник, раскрыв на изломе одноствольное ружье, не переставая, тер его масляной тряпкой. Каленая сталь ружья, прозванного в округе «Кровавой пастью Капара», приняв приятный вид, заблестела. Оружие было оставлено ему в наследство покойным отцом.

Его родитель, обходя холмы, пригорки, и пастбища Кошалака и охотясь там, даже тогда, когда возвращался всего лишь с зайцем, подвешанным за пояс, тем не менее, ласково приговаривая: «В пасть этого ружья может вместиться тысяча зверей», не мог скрыть свою гордость, уносящую его до небес.

Мать его, когда ее старик возвращался с добычей, хлопотала, наступая на свой подол, ставила перед ним горбоносый кувшин с тазиком, бросив белое полотенце на колени, лила воду.

- Скажи, кто в эти времена, покрыв паром, крышку казана, ест через день свежее мясо, – говорил сероглазый и корноухий старик, втянув полную пригоршню воды в нос, а затем высморкав ее. – А? Наверняка этим только мы наделены. Те же в



көк қыртылдақ қызыл шылқылдақпен күнелтіп, тісінің суын сорып шықылықтап отыр.

Даладағы аңды қорасындағы малдай көріп жүріп дәулет те жинамапты. Соңында мұраға қалғаны – айдаладағы жалғыз тоқал там мен осы қанды ауызы, бес-алты уақ жандық.

Күн байығасын пеш жанында тұрған пілте шамды тұтатты. Көлеңке ыдырап үйдің төрт бұрышына тығылды.

Қазан астындағы от бәсеңсі бастаған екен, ошақ аузында жатқан жыңғылдың үш-төрт түйірін қосымша етті.

Жас еттің иісі жайылып, қараша үйге жылылық енді.

Пеш түбінде жатқан қызыл құрақ көрпеге тізе сындырып қабырғаға қараған, әкесі мен шешесінің үлкейтілген суретіне көзі түскені. Пілте шамның сығырайған сары бояқ сәулесімен ақ шұнақ шал тіпті нұрланып кеткендей.

Шегір көзіне жылу жүгіріп: «Қасқырдың бөлтірігін алмас бұрын арланы мен қаншығын құрт. Әйтпесе, аяқ жетер жердегі малшыларды ұлардай шулатып бітеді», – дейтіндей.

Әкесінің қасқыр қақпандай шаппа-шап мінезіне қанық Қапар ақ шұнақ шалды ғұмырында бір-ақ мәрте ашуландырыпты.

Онда да әскерден келетін жылы. Онда да әлгі интернатта жатып оқитын екі-үш жаманның шешесі Қадिशаны алар жолы. Өз-өзінен желденіп, әскер киімін шешпей үсті-басын сары ала жез ғып төрт-бес ай жүріп алған. Сол беделдің арқасында ғой... Көрші ауылдың үстін ертеңді-кеш шаңытып шауып, оң босағада отырған қызды оңтайлап жібергені...

Құда түсіп «міне, міне, той» деп отырғанда шар ете қалған шатақ тұтансын.

низине - никчемные слабаки, жующие зелёную хрустяшку и красную мокрицу сидят и клокочат, обсасывая влагу зубов.

Считая зверей на воле за личный скот в подворье, не накопил ничего. В наследство оставил лишь эту «Кровавую пасть», полуразвалившуюся хижину в диком поле да пять-шесть голов мелкого скота.

С наступлением сумерек зажег керосиновую лампу, стоящую возле печи. Тени, рассеявшись, спрятались в четырёх углах дома.

Дрова под казаном уже сгорели дотла, поэтому он подбросил в огонь три-четыре полена тамариска, лежавшего у поддувала.

Запах варившегося мяса молодняка, распространившись, обогрел лачугу.

Опустившись на колени на лежащую у печи пёструю подстилку, сшитую из лоскутков, посмотрел на стену, – взгляд упал на увеличенные фотографии отца и матери. При тусклом свете керосиновой лампы светлицы и корноухий старик выглядел красивым.

Серые глаза смотрели тепло и словно говорили: «Прежде, чем добыть волчат, истреби самца и самку. Иначе они из-за мести истребят весь скот в округе».

Капар, хорошо знавший вспыльчивый и капризный нрав своего отца подобного волчьему капкану, оказывается, только один раз в жизни рассердил светлицы корноухого старца.

Да и то это было в год его возвращения из армии. В тот раз это было связано с его женитьбой на Кадеше, матери нынешних трех сорванцов, обучающихся в интернате. Сам, красуясь собой, нацепив на себя с головы до пояса блестящую медь, три-четыре месяца ходил, не снимая армейскую одежду. Именно это и способствовало... С утра до вечера, носясь и поднимая пыль на улицах соседнего аула, обольстил девушку на выданье...

Когда, посватавшись, ожидали, что вот-вот должна состояться свадьба, тогда-то и вспыхнул скандал.



Азын-аулақ ағайынның басын қосып ақылдасар шайда әкесі:

– Құдаға жеңі бар көйлек салғалы отырмыз, – деп берілер китті тізбелеген.

– Дырдай құдаға жағалы киім кигізбеу ұят емес пе, – деп қалды бұл дастарханға емініп-емініп қойып.

Аз дәулетін тұтақтап отырған әкесі шегір көзінің сұғымен аямай шанышты. Бірақ ләм демеді.

Момындықтан бас алмайтын шешесі ғана: «Тек, көбейгір», – деп күбірлеп тынды.

– Құдағиға ше? – десіп азын-аулақ ағайыны емпілдесіп барады.

– Құдағиыма гүлді орамал деп отырмын, – деді шешесі даусын одан әрі бәсеңсітіп.

– Әй, орамалы несі? Тым болмаса қамзол бермейсің бе? – деді тағы да бұл шыр етіп.

– Апырым-ай, қарағым-ай, әскерден қатынның зары өтіп келген екен, жағаласпай қоя тұрсаңшы, – деп нағашысы басу айтқансыды.

– Ал, тойға не соямыз?

– Қасқа сиырды соямыз да, – деді бұл жолы қапы қалмайын деп әке-шешесінің алдын орап кетіп.

– Әкең не айтар екен? – дейді нағашысы түскір жантайып жатып.

«Қатын алатын мен, қалған шаруаны қамдайтын бұлар, неткен әділетсіздік?!» – деп өзіне анық билік тимей зығыры қайнап отырған Қапар да қарап қалмады.

– Әкем шоясын біле ме?

Сол сол-ақ екен, ақ шұнақ шал аруақ көтергендей орнынан мөңкіді дейсің. Тұлыптай боп ісініп, сырт терісі сөгіліп



Отец, собрав совет из нескольких родственников, стал делиться своими планами во время трапезы.

- Свату мы хотим подарить рубашку с длинными рукавами, – начал он предварительно распределять подарки.

- Разве не стыдно не накинуть на главного свата что-либо из верхней одежды, – бросил он реплику, выискивая глазами поддержку в стане советчиков за столом.

Отец, прижимисто державший в кулаке свое скудное имущество, пригвоздил его зрачками своих серых глаз. Но, правда, ничего не сказал.

Лишь мать, пребывавшая всю жизнь в кротости, прошептала: «замолчи, растяпа», – умолкла сама.

- А, что подарите сватье? – загудели родственники.

- Подарю своей сватье цветной платок, – ответила, уже повысив голос, мать.

- Как так платок? Хотя бы камзол не нашелся?! – Снова вклинился он, почти взвизгнув.

- Да, что ты, дорогой, не вмешивайся, видать, после армии совсем свихнулся на женщинах, – пытался по-свойски утихомирить его дядька.

– Так, а какую скотину зарежем на свадьбу?

- Да, конечно, зарежем сивую корову, – не унимался он, но на этот раз, опередив и отца, и мать, что-бы навязать им свою волю.

- А, что отец твой скажет? – уже начал надоедать его дядька, облокотившись на подушку.

«Женюсь-то я, а другие дела должны вершить они, что за несправедливость», – думал Капар, разозлившись на то, что никто не хочет считаться с его мнением, и не остался в долгу:

– А что может знать отсталый от жизни человек?

Этого только и не хватало, светлолицый и корноухий старец, словно его подбросил дух предков, взлетел со своего места. Надулся, словно тулуп,



кете жаздаған.

– Уау, атаңа нәлет, қатын алған жалғыз сен бе едің?! О несі, а? Жалғыз сиырды тойға сойып, ертең келінді сауып шайқатық қылайын деп пе ең, а?

Азын-аулақ ағайын қолға тұрмай қақшандаған ақ шұнақ шалды: «Бір ашуынды қи, көкетайлап», – жатып, әзер басқан...

Шамның сары бояқ сәулесі жүздерінде ойнаған әке-шеше суреті жарға арқа сүйеп бұған «әй, балам-ай», – дейтіндей.

Қапар мылтығын қайта құрастырып, оқшантайын босағадағы шегеге ілді. Қазан енді бір-екі бүлк етсе ет те туырылып түсе қалар.

Ертең алакөбенде тұрамын, ерте қамданайын деп дастарханға қол соза беріп еді, сырттан ат оқыранды.

Артынша есік сықырлай ашылып «Ассалаумағалейкөм» деп еңкіш келген шынжау сары жігіт еніп келе жатты.

– Әлік алдым. Төрге оз!

– Ау, Қапеке, жалғыз өзің шошайып бұл не отырыс? Апам қайда? – деп шынжау сары екі бұтын құшақтастырып отыра кетті.

– Е, өзіміздің Жетес екенсің ғой. Жол, болсын!

– Сайлаудың сабылысы. Кандидаттарға дауыс беріндер, депутат жасайық деп ел-жұртты үгіттеп жүрмін.

Қадишамен әріден аталастығы бар әрі бар жаһанның жаңалығын аузына тістеп жүретін осы жігіттің әр қылығы қыр адамына қызық-ақ.

– Қадиша интернатта жататын екі-үш жаманға кеткен. Жолаушыдан сәлем айтып жіберіпті. «Апамның қызыл қуырдағын сағындық», – деп. Ортақ қазанның быламық көжесінде кенеу бар ма, қоңылтақсып қоңқылдап жүрген ғой иттер!



кожа которой, как будто, готова была лопнуть снаружи.

- Уау, паршивец, ты разве первый, кто собрался жениться? Ишь, что надумал, а? Зарезав единственную корову на свадьбу, ты затем собираешься невесту доить, чтобы на чай молоко добыть, а?

Окружавшие родственники, приговаривая: «Умерьте свой гнев, дорогой родич», еле-еле успокоили старца, вырывающегося из рук.

Отражая на лицах тусклый свет лампы, портреты отца и матери, прижавшиеся спинами к стене, будто говорили: «Эх ты, сыночек...»

Капар, собрав ружье заново, повесил его рядом с патронташем на гвоздь, прибитый у порога. Мясо должно было уже через два-три бульканья казана свариться полностью.

Поднимусь завтра спозаранку, отужинаю пораньше, решил он и, только было, протянул руку к пище, как услышал снаружи ржанье лошади.

Следом, скрипя дверью, в дом вошел высокий и прямой, как жердь, рыжий парень, приветствуя его: «Ассаламалейкум».

- Алейкумассалам. Проходи. Садись.

- Ау, Қапеке, почему ты сидишь, один-одинёшенек, как перст? А где моя тетушка? – рыжий парень тут же сел, подмяв под себя скрещенные ноги.

- А, это ты, Жетес, что ж, добро пожаловать.

- Предвыборная запарка. Езжу, агитирую народ, чтобы голосовали за наших кандидатов.

Этот джигит, дальний родственник Хадиши, постоянно носящий в зубах все мировые новости, своими выходками был интересен всем, в особенности, живущим на отшибе.

Хадиша уехала в интернат к трем своим сорванцам. Передала привет через путника. «Давно не ели жаркое, приготовленное мамой», – жаловались они. Каша из общего казана, видать, непитабельна, вот они, и хнычут, собачата.



- Қашан қайтады?
- Дүкенге соғып, ертең кештетіп жығылар.
- Оңаша қалып қара қазанның иелігі қолыма басы бүтін тиді деп жатыр екенсің ғой. Дұрыс! – деп Жетес дастарханға омырылды. – Қойдың басы несі?
- Ақта тоқты еді. Етін сылып, қуырдақ етіп апаң қарынға салған. Басы мен бес тал қабырғаны қай құдам келеді деп сақтайын? Қазанға тоғытқам. Несібең әр қазанда жүрген жігітсің ғой, саған бұйырды.
- Бәрекелді! Тоңып келгем. Жазғытұрғы жел жардай атанды жығады деген. Әрі мына талау келгір торының жүрісі жаман. Асқазанымды сапырып бітті.
- Қапардың қолына тигені – бір шөкім құйқа, қалғаны Жетестің алдынан жалаңаштанып шықты.
- Апырым-ай, мына қойда түк ми жоқ, өрістен үйді қалай тауып кеп жүр? – деп аппақ миды асап жатып үй иесіне алақ-жұлақ қарайды. Қапар бір тал қабырғаның басын мүжіп жатып мырс етті.
- Сайлау деген тұп-тура сорыма шықты, – десін ыстық сорпаны алып жатып. Әлгіндей емес, жұтқыншағы жүгірмей қалыпты, ішіне ел қонған дағы.
- Сақибеден мен әйелі Ағиба депутатқа таласып мал қораның басын жау шапқандай етті.
- Ойбай, бар қызық сенде болды.
- Айтпа. Күйеуі кетеден шыққан Сейсенбайды қолдап, қатыны тама Сәрсенбайды жақтап – қызыл майдан, қырық пышақ. Дүние ғаламдасамыз деп өңір тиегін ағытып жатқанда бұлар рудың сойылын соғып... Надандық, сені қайтейін? – деп дастарханға бет сипай салды. Надандыққа өкпелеймін деп отырып батаны да ұмытты.



- Когда вернется?
- Пройдется по магазинам, вернется завтра к вечеру.
- Оставшись один, решил стать единоличным хозяином казана. - Пра-виль-но, – проговорил Жетес, пододвигаясь к дастархану. – А почему здесь баранья голова?
- Ягненок был холожденным. Сестра твоя, вырезав мясо и приготовив жаркое, набила им его желудок, чтобы доставить детям блюдо в собственном соку. Для какого свата хранить мне голову и пять веток ребер?! Бросил все в казан. А ты тот джигит, доля которого в каждом казане. Утощение досталось тебе.
- Очень хорошо! Приехал замерзший. От летнего ветра, валится, говорят, даже нар,* величиной с яр. К тому же ход этого гнедого, раздери его, совсем плох. Вконец разворочил желудок.
- В руки Капара попался лишь кусок опаленной кожи, все остальные кости оголились перед Жетесом.
- Надо же, у этого барашка совсем нет мозгов, как же он находил дорогу от пастбища до дома? – Бормотал он, глотая белые мозги и пугливо озираясь на хозяина дома. Капар, грызя ребро, усмехнулся.
- Замучили меня эти выборы, – продолжал он, – потянувшись, за горячим бульоном. Но не таким тоном, как раньше, кадык его перестал двигаться, видать, насытился до предела.
- Сақибеден и его жена Ағиба, споря из-за депутатов, перевернули верх дном скотный двор.
- Да ты что, вот это новость у тебя.
- И не говори. Муж, поддерживая кетинца* Сейсенбая, жена же, отстаивая таминца* Сарсенбая, рассорившись, дошли до фронтальной битвы. В то время, когда мы, консолидируясь со всем миром, расстегиваем верхнюю пуговицу, они разжигают родовые распри... Темнота, что мне делать с тобой! – Изрек и погладил двумя ладонями лицо. Обижаясь на невежество, сам забыл про молитву по случаю завершения трапезы.



– Қайсысы жеңді, қайсысы?

– Ағиба да. Бір шөкім кетені тама табанына тұрғыза ма, «осыдан ініме дауыс берме, інге кіргізейін» деп... Қатын қайраттанса қазан ғана қайнамас... Жә, қойшы оны! Ал, аң қалай, қанды ауызыңды сайлап отырсың ба?

– Шибөрі күн бермей тұр, – деп малшылар зар жылайды. Әуселесін көрейін деп отырмын.

– Шибөрі?

– Иә. Он шақты жыл болды ғой, Қошалакқа сондай бір мақұлықтың бауыр басқанына...

Жетес жантайып жатқан жерінен қопарылып түсіп, көпшігін іргеге қарай лақтырып жіберді.

– Шибөрі? – деді тағы да күлгені ме, жыламсырағаны ма – беймәлім, жүзі әлем-тапырық боп. Қарашығы маңып-маңып барып орнын әрең тапты.

Қапардың осы бір көп оқып миы ашып кеткен шынжау сарыны көрсе-ақ әзілдегісі кеп ұшынып тұратыны осы қылығы ғой. Мына жаңғалақ қалпымен Сақибеден мен Ағибаны төбелестірмей қайтсін?!

– Иә, шибөріге...

– Құдай сақтасын, – деп кері құлай кеткенде көпшігін таппай, басын тарс еткізіп жарға ұрды.

– Ау, ау, Айдың-Күннің аманында ұлттық байлыққа мылтық кезеніп не көрінді, Капеке-ау? Соның шындап қайнаған екен! Мына сөз Қапардың жүзіне ойнап шыққан күлкіні үркітіп жіберді.

– Қайдағы байлық? Ол кімдікі?

Жетес кәлимасынан жаңылған жандай өз-өзінен күбірлеп айналасын қарманды. Бешпентінің ішкі қалтасынан төрт бүктелген қағазды алып тізесінің үстіне қойды.



- И кто победил, кто?

- Конечно, Агиба. Разве таминцы дадут устоять на ногах пучку кетинцев, – пригрозила ему тем, что если только не проголосует за ее младшего родственника, загонит в нору. Если вскипит женщина, то не вскипит только казан... Да ну их. А как твои звери, все готовишь свою «Кржавую Пасть»?

- Шакалы не дают покоя, – пастухи без конца жалуются. Хочу им показать их место.

- Шакалы?

- Да. Уже десять лет прошло с тех пор, как одной такой твари пригляделся наш Кошалак.

Жетес, перевернувшись на месте, где он лежал, облокотившись, швырнул подушку к стене.

– Шакалы? – переспросил он, перекосившись в лице, то ли от смеха, то ли плаксиво. Зрачки его глаз, уйдя в разные стороны, еле-еле заняли прежнее положение.

Именно такие выходки этого рыжего парня, читающего все подряд, от чего мозги его прокисли, привлекали Капара. При встрече он все время стремился подтрунивать над ним. Подобные выкрутасы, конечно же, привели Агибу с Сақибеденом к раздору.

- Да, шакалы...

- Сохрани, Всевышний! – Воскликнул он, снова повалившись на прежнее место, где уже не было подушки, и ударился головой о стену.

- О, да, Капеке, как ты можешь под Солнцем-Луной целиться в национальное достояние? Значит, на самом деле над твоей головой нависло бедствие! Эти слова согнали с лица Капара зарождающуюся улыбку.

- Какое достояние? Чье достояние? Что ты тут...

Жетес, словно сбитый с пути праведного, бормоча что-то, стал ощупывать все вокруг. Вынув из куртки вчетверо сложенную бумажку, положил ее на колени.



– Қаламсабы түскір, – деп ышқырына дейін тінтіп таппады.

– Әлгі екеуін арашалаймын деп жүргенде жоғалттым-ау, шамасы. Қапеке, үйде жатқан-тұрған қарындаш бар ма?

– Оны не істейін деп ең? Емге жоқ. Ала қырдың ортасында қатын екеуіміз қарындаспен хат жазысып отыр дейсің бе?

– Қарындаш де. Надандық, сені қайтейін? – деп шарасызданған Жетес көзінде үрей тұнып тұрған үй иесіне қарап бас шайқады.

– Әу, Жетеке-ау, өлтірмесең айтшы, мен кімнің байлығына қиянат жасаппын?

– Шибөрі аулағаның рас па?

– Ал, рас!

– Ендеше, бұл – сонау Американың ұлттық байлығы боп мақұлданған мақұлық.

Қапар «пішт» деп күліп жіберді. Пішт! Қасқыр мен түлкінің ортасынан шыққан жаман шатаны әлдеқандай етуін. Бөрідей азу-айбаты, түлкідей айласы жоқ, жеті-сегізден үйір құрып, аш-арықты, өлексені аңдып қалған нәйіске оқтың өзі обал...

Былтыр, қар алғаш түскенде ғой, Қошалақтың қоңырлығын қуалап желе-жортып келе жатса қамшылар жақта қалып бара жатқан сайдан шәуілдеген шибөрінің даусын естіген.

Байқастап қараса, қатын-баласы жамырап бір қора шибөрі қызыл тайыншаны ортаға алыпты. Жан-жағынан шәуілдеп кеп тілерсегінен тістеп, құйрығына жармасып жіберер емес.

Шыр көбелек айналып мүйізін шайқаған қызыл тайынша термен күреңітіп, арқасынан буы бұрқырап, көзі аларып титықтаған. Енді болмаса... Атты кісіні көріп сасқаны ма, шәу ете түсті де, аңтарылысып тұра қалды.

«Ә, кэззап», – деп аңшы суыт кеп екі оқты бай-

– Черт бы ее побрал, ручка...

– Бормоча, обыскал даже ширинку, не нашел. – Наверное, потерял, когда разнимал этих двоих. Қапеке, карандаш у вас дома не завалялся?

- А зачем он нам? Не было никогда. Думаешь, мы с женой в этой глуши пишем карындасом письма друг другу?

- Не карындас, а карандаш. Темнота, что мне делать с тобой, – произнес отчаявшийся Жетес и, посмотрев в наивные глаза хозяина, покачал головой.

- Еу, Жетеке, не мучая меня, скажи, на чье богатство я покушаюсь?

- То, что охотился на шакалов, правда?

- Да, правда.

- Но эта тварь – национальное достояние Америки, утвержденное законом.

Қапар, засмеявшись, фыркнул. Эка, невидаль! Подумаешь, тоже мне достояние нашли, паршивую помесь волка и лисицы возвысили до небес. Пули да то жалко для этой худой твари, собирающейся в стаю из семи-восьми особей, чтобы питаться падалью, у которой нет клыков, как у степного волка или хитрости, как у лисицы.

В прошлом году с первым снегом, когда, ютясь у подножья бархан, продвигался мелкой рысью, услышал вблизи оврага визгливый лай их.

Подсмотрел, как целая стая этих шакалов, со своим выводком окружила красного годовалого теленка. Вцепившись в ноги и хвост, не выпускали его, визжа со всех сторон.

Вертясь, выпучив глаза и бодаясь рогами, темно-красный теленок, посветлев от испаряющегося клубками пота, обессилел. Еще бы немного... Увидев верхового, кажется, испугались, завизжав, удивленно застыли.

Спешно зарядив ружье, охотник выстрелил два



лаған. Өңгесі бір тұтам құйрығын бауырына қыстырып жоғалған. Қарға аунап өлі жүннен арылған екен, түгі қызыл сары боп жалқынданып құлпырады. Екі теріні барқыттай ғып илеп...

– Сонымен осы кезге дейін шибөрінің қаншасына иман үйірттің?

– Әй, айтшы, өзің солардың есебін ала шыққаннан саусың ба, осы? Тап бір бақташысы құсап тура алқымымнан жармасқаны несі?

– Ойбай-ау, сенен шибөріні аяп отыр дейсің бе? Қарақан басыңды қарап отырып қып-қызыл пәлеге шырмап алғаныңды айтам-ау, – деп Жетес төрт бүктеулі қағазын екінші тізесінің үстіне алмастырды. – Мақұрым екенсің, ендеше, шибөрінің тарихын тыңда! Техникасы мен адамы көбейген соң Американың жері тарлық етіп осы шибөріні Азия мен Африкаға әкеліп жіберген. Азия дегенің түп-тура осы Қошалақ.

– Ал, сосын?..

– Сосыны несі? Әбден өсіп-өніп өркен жайғасын кері жи-нап алады. Ұлттық байлығын далаға тастайды дейсің бе?

– Апырым-ай, а?

– Осыдан он жыл бұрын осы жерден қасқыр мен қарсақ, түлкіден өзге мақұлық көріп пе ең, айтшы? Ендеше, үйір-үйір боп шәуілдеген қалпы аспаннан түсе қалмаған шығар?..

– Рас-ау! Сонда ол жазғандардың шибөріден басқа байлығы құрып қалып па?

– Надандық, сені қайтейін? – деп Жетес екі тізеде кезек тербелді.

– Олар тіпті шырылдауық шегірткені де ұлттық байлық көреді. Көздерінің қарашығындай күзетеді. Тәрбиелейді. Ілеуде бір құндыз бөрік киіп, түлкі жаға салып тайраңдап жүргендерді көрсе, бітті, табан астында сотқа сүйрейді.



раза. Остальные, поджав под себя короткие хвосты, пустились наутек. Видно было, что старую шерсть они сбросили, обвалывшись на снегу, мех красиво распушился, играя красно-желтым окрасом. Выделав две шкуры, как бархат...

- Итак, сколько до сего времени добыл шакалов?

- Чёрт его знает, кто их считал... Вцепился за ворот, словно пастух этих тварей...

- Что ты, неужели думаешь, что мне жалко их? Нет, я говорю про то, как ты опутал свою несчастную голову неумолимой бедой, – сказал Жетес, переместив сложенную вчетверо бумагу на другое колено. – Бедокур, слушай тогда историю шакалов. Когда в Америке техника и народонаселение увеличились, тогда резко сократилось жизненное пространство, поэтому своих шакалов американцы вывезли и выпустили в Азии и Африке. Азия, про которую говорим, и есть именно этот самый твой Кошалак.

- Хорошо, потом...

- Что потом. После того, как стаи их увеличились, собираются вывозить обратно. Думаешь, свое национальное богатство они оставят, где попало?

- Надо же, а?

- Ты десять лет тому назад видел в наших местах этих тварей, скажи? Если нет, наверно, они, лая и воя, не упали с небес...

- Что, правда, то правда. Выходит, у этих американцев другие богатства, кроме шакалов, исчезли?

- Темнота, что мне делать с тобой?! – бросил Жетес и стал покачиваться из стороны в сторону на двух коленях.

– Они даже стрекочущих кузнечиков считают национальным богатством. Берегут, как зеницу ока. Выращивают. Как только увидят кого-то, красующихся в дорогих волчьих или лисьих шапках или воротниках, все, тут же тащат в суд.



– О несі?

– Тірі жәндікті өлтіргені үшін. Олардың да адам сияқты өмір сүруге құқығы бар. Демек, бұл қып-қызыл қылмыс!

Қапардың мына сөзден кейін мазасы қашып, ішіне үрей жүгірейін деді. Жетестің тізесінде жатқан төрт бүктеулі қағазға қарап еді, ұшты-күйлі жоқ. Қалтасына кері түсіп кетті ме, әлде... Қарындаштың табылмағаны мұндай жақсы болар ма. Әйтпесе...

Қошалақта аң қуып, шап терлетіп шауып жүріп бар ғұмырын түгескен ақ шұнақ шал кейде мұның ісіне наразы боп:

«Жатқан жатырың жұқа ғой. Жағаласа кетер жерде жапырыла қалуын. Қамшы ұстап дауға түсері жоқ өңшең ынжыққа тартып», – деп жоқ жерде нығыртып бітетін.

Шалына анық қарсы келе алмай діңкесі құрыған шешесі:

«Қасқа бұқаны піштіріп тастаған соң көзіміз ашылып еді», – деп шүйкесін созғылап жататын.

«Арманыңа жетерсің, – дейді сөзге тоқтаған әкесі ондайда тыңқ-тыңқ күліп.

– Осы күшіктің әлгі әрмиядан келгендегі бәрімізді қуырып жеп жібере жаздаған пысықтығы қайда кеткен? Соны айтам-ау...»

– Жетеке, әлгі Африкаға жібергендері қалай, аман-есен бе екен? – деп Қапар әңгіме бетін Қошалақтан аулақ кұрлыққа алып қашты.

– Қайдан аман болсын! Жақында теледидардан көрсетті. Өңшең зәңгі қырып атып түгесуге тақапты. Сосын әскерилер вертолетпен келіп әлгілерді ойбайлатып қуып ұстап жатыр.

– Шибөріні ме?

– Жо-ға, зәңгілерді. Кәдімгі негрді айтам.

– Бейшаралар десеңші.



- За что?

- За то, что убили живое существо. У них есть такие же права на жизнь, как и у людей. То есть это считается настоящим преступлением.

После этих слов Капар, потеряв спокойствие, стал обретать страх. Хотел глянуть на вчетверо сложенную бумагу, лежавшую на коленях Жетеса, ее и след простыл. То ли обратно попала в карман, то ли... Хорошо, что карандаш не нашелся, а иначе...

Исчерпавший всю свою жизнь в погоне за зверями в Кошалаке, покрывая при этом потом свой пах, его светлолицый и корноухий старик, иногда недовольный его делами, приговаривал:

- Чрево, из которого ты вышел, оказалось неважным. Там, где требуется схватка, вижу тебя придавленным. Став похожим на этих тихоней, среди которых нет никого, кто с кнутом в руках вклинивается в раздоры, – ковырял его, где не надо. И его, и всех родственников по матери.

Не смевшая противоречить своему старику и от этого все время страдающая мать, пытаясь перевести речь в другое русло, говорила что-то, типа:

– Хорошо, что красного быка кастрировали, – вытягивая при этом прядь своих волос.

- Добиваешься своего, – улавливал этот ход отец, громко смеясь.

– Куда делась живость этого щенка, когда он, после армии надумал жениться, при этом, всех нас, зажарив, чуть ли не съел? Об этом-то и речь...

- Жетеке, а те, которых выпустили в Африке, как живы, здоровы? – этим вопросом Капар хотел увести нить разговора в другую сторону от Кошалака.

- Какое там живы. Недавно показывали по телевизору. Все чернокожие, отстреливая и убивая, поставили их на грань исчезновения. Затем военнослужащие, прилетев на вертолетах, гоняют и отлавливают их с визгом.

- Шакалов?

- Да нет же, чернокожих. Я говорю об обычных неграх. Можно сказать, несчастные они.



– Бір тайпа көсемінің аяқ-қолына кісен салып жатып: «Сендерге сеніп жіберген ұлттық байлығымызды ит рәсуа еткіздің. Көздеріңе көк шыбын үймелетеміз. Құл ретінде кереметсіңдер, ал адам ретінде түк қасиеттерің жоқ», – деп, Қапеке-ай, әлгінің көзіне істікпен шұқығанда, төбе шашың бар ғой, бір тұрып, бір жатады...

– Қалың жыныс ішінде, әр шокалдың түбінде өріп жүрген мақұлықтың есебін айдалада отырып қайдан білген?

– Надандық, сені қайтейін? – деп Жетес ежірейіп ішкі қалтасынан әлгі төрт бүктеулі қағазын қайта суырып алды. – Космостан! Сенің башпайыңды қимылдатқаныңа дейін төбеңнен үңіліп айнадан көріп тұр. Бар байлығын хаттап-шоттап отыр. Өне! Әйтпесе, соншама ақша шығарып дүркін-дүркін кеме ұшырып олар аспаннан нағашысын іздеп жүр дейсің бе?

Әлгінде, «Космостан!» дегенде Жетестің сұқ саусағы ауада ілініп қалған.

Баспалап қараса, әлі сол қалпы тұр екен. Мәселенің байыбына көзі енді жеткен Қапардың аяқ-қолына діріл жүгіріп:

– Құлдығың болайын, мынауыңды түсіре көрші, – деп жалынды. – Шибөрісі құрысын, төсек салып жата қалайықшы.

Аузы жаман ит-ай, адамның иманын ұшырып айттып отырғанын қарашы. «Бетіне жел боп тиген Саддам Хусейіннің өзін інге тығылған қарсақтай шақылдатып суырып алғанда оның жанында сен кімсің? Жалғыз вертолетпен келеді де: «Давай, Қапар», – дейді, «Давай, киін!» «Шибөрінің шын иесі кім екенін білмей жүр екенсің, Қарабаевіш. Ток беретін столға таңайық. Тірілей үйтіліп қал! Ишь ты! Саудаң тамам!» – деуін. Тоба, тоба!

Келін боп түспей жатып әке-шешесімен китке таластыра келген осы қатын да жерден алып көрге ұрып болды-ау мұны. Үйірлі үш пәле соның сөзі-



- Надевая колодки на ноги вождю одного из племени, приговаривали: «Мы вам доверили наше национальное богатство, а вы же пустили его по ветру. Сделаем так, что ваши глаза покроются зелеными мухами. Вы хороши, как рабы, а как люди никчемны», – когда увидишь, Қапеке, как колют им глаза штыками, волосы затрепещут на голове.

- Находясь за тридевять земель, как они узнали количество этих тварей, живущих и размножающихся в густых зарослях, под каждым пригорком?

- Темнота, что мне делать с тобой?! – Воскликнув свою излюбленную фразу и выпучив глаза, Жетес снова вынул из своего внутреннего кармана вчетверо сложенную бумагу. - Из космоса! Уставившись сверху, даже шевеление твоего пальца на ноге, видят они в зеркале. Подсчитывают и фиксируют все свои богатства. Вот так. Иначе, зачем они, затратив столько средств, с шумом и гамом пускают свои ракеты в космос, думаешь, ищут там своих родственников?

Еще с того момента, как Жетес воскликнул: «Из космоса!», его указательный палец повис в воздухе.

Когда стал поднимать свой взор, словно по ступенькам, увидел, что он остался в прежнем положении. Дошедший до существа проблемы Капар, почувствовав дрожь в руках и ногах, взмолился:

- Нижайше прошу, опусти эту свою штучку. Да пропади пропадом эти шакалы, давай стелить постель и ложиться спать.

Вот, пёс с поганим ртом, а? Ты посмотри, что он мелет, загоняя душу в пятки. «Кто ты по сравнению с Саддамом Хусейном, который был у них, как бельмо в глазу и которого, словно визжащего корсака, вытащили из норы, где он прятался? Прилетев лишь на одном вертолете, скажут: «Давай, Капар, одевайся. Не знаешь, оказывается, кто на самом деле хозяин шакалов, Карабаевич. Привяжем тебя к электрическому стулу. Опалим живьем. Ишь ты, ничтожество», – вот, так и сказал. Спаси и сохрани!

Да и жена, в свое время рассорившая его с отцом и матерью из-за подарков, ещё не успев стать невесткой в этом доме, теперь же готова загнать в



нен балалап шығады да тұрады. Қарашы енді... Әлгі барқыттай ғып илеп қойған шибөрінің екі терісінің бірін Астанада оқитын сіңлісіне салып, екіншісін етек-жеңі қырқыла бастаған өз пальтосының жағасына тағынып...

Астанадағы балдызынан осы ақпанда хат келген. «Ал-тыннан ардақты, күмістен салмақты Қапар жездемізге дұғай-дұғай сағынышты сәлем», – деп бастапты хатын тап бір бауыры шіріп бара жатқандай.

«Амандық болса, оқуымды тәмамдаған соң осы қалада қалмақ ойым бар», – дейді, тұп-тура ындыққа неге өтіп кетпейді? «Айтпақшы, ақ жезде, салып жіберген теріні алдым. Қып-қызыл боп құлпырып тұр екен. Тонымның жағасына салдырып ем, жайнап кетті. Өрттей-ау, өрттей! Көшеде, тіпті шетелдіктердің өзі тұра қалып қылшығын алақан жүгіртіп сипап, бас шайқап бітеді. Көзі бар дүние ғой, тағы да бір-екеуін салып жіберерсіз. Біреулерге уәде беріп қойып едім...»
Көрдің бе, дәмесін...

Бұл бір оңбаған желқабаз тұқым ғой. Астанада жәйімен жүре ме, «Қошалақта аңшы жездем бар, шибөріні қоралап ұстайды, мұндай жаға тағы кімге керек?» – деп жаһанға жар салып, әлгі шегірткесіне дейін адам деп қарайтын шетелдіктердің көзінше найқала басып жүрген-дағы.

Әлгі қатыны түскір де аяқ астынан Қанішкенге шауып... Мына шынжау иттің де жата қалмай тізесінің үстіне қайта-қайта қағаз жүгіртуі тегін дейсің бе? Американың жасырын уәкілі боп жүрмесін. Сонда да тегін жан беру оңай ма, көңілімен аспанды теуіп отырған мұны бірер сұрақ беріп тағы да байқастап көргісі келді.

– Жетесжан-ау, ақылы асқан азаматым-ау, айтшы өзің, сонда әлгі шибөріге малымызды қан жоса ғып қырғызып қойып, тып-тыныш отыра береміз бе? Бұл мақұлық олардың байлығы болса, үстінен жонып жеп отырған ірілі-ұсақты жандық біздің күнкөріс нәпақамыз емес пе?

Жетес шараяқ толы айранды бір жұтып, шетке



могилу его самого. Вот, например... Одну из тех двух шкур, выделанных им, словно бархат, отправила к своей сестре, обучающейся в Астане, а вторую нацепила на ворот своего пальто, рукава и полы которого уже потрепались.

В январе этого года от сестры ее пришло письмо из Астаны. «Самый горячий привет Капару, нашему золотому зятю, серебристому брату, по которому я сильно скучаю», – так начиналось письмо, как будто от тоски по нему у нее разрывалось сердце.

Пишет: «Буду, жива, здорова, думаю, после окончания учебы остаться в этом городе», – да денься хоть туда, откуда путь обратно заказан. «Кстати, золотой зятек, получила посланную вами шкуру. Оно пушилось, как красное солнышко. Нашила на свою дубленку, заблестела-то как! Как огонь! Как огонь! На улице даже иностранцы останавливаясь, погладив мех ладонью, качают головами. Вот это ценность, пришлите, пожалуйста, еще одну или две. Обещала тут кое-кому».
Посмотри-ка на ее аппетит!

Она же из никчемных, легкомысленных корней. Не может же в Астане ходить скромно, наверно, объявила там всему миру, что в Кошалаке есть у нее зять-охотник, отстреливающий шакалов стаями, мол, подходи, кому еще нужны такие воротники, крутятся даже возле тех же иностранцев, считающих людей насекомыми.

Да и баба эта, черт ее дери, нежданно в Ганюшкино подалась... Да и этот рыжий пёс, вместо того, чтобы лечь, не зря перекладывает бумагу с колена на колено. Легко ли нежданно-негаданно превратиться в жертву, надо еще раз, задав несколько вопросов, прощупать этого загордившегося всезнайку.

- Ау, Жетесжан, светлая ты наша голова, скажи-ка сам, мы, что, должны сидеть, сложа руки, пока эти шакалы не уничтожат весь наш скот? Если для них эти твари являются национальным богатством, то разве мелкие или крупные домашние животные, которых мы, словно вырезку, только лишь частично потребляем в пищу, не являются жизненно необходимым для нас достоянием?

Жетес, выпив залпом большую чашу кефира, по-



ығыстырып қойды. Келелі әңгімеге енді келгендей қомданды.

– Сырты – түк, іші – боқ қайдағы малды айтасың? Олар өзінді отырғызып қойып, құйрығынның астынан мұнайынды жым-жылас ғып сорып кетіп жатқан жоқ па, мұнайынды! Өй, қазақ, соны неге ойламайсың?!

Қапар шошып, астындағы қызыл құрақ көрпеге қараған, бір шеті түріліп қалыпты. Қиюы қашқан есіктен бе, әлде құранды шынысы көп терезеден бе, әйтеуір салқын леп тұла бойын қуалап қалшыл қақтырып бара жатты.

Десе де, ішкі үрейін сыртқы болмысымен бүркеп:

– Шамасы, дәті қатты ел-ау, – деп мына маңызды мәселеге өзінің қатысын сүйкейсалдылау ғып көрсеткісі кеп шамның пілтесін азайтып, жарығын әлсіретті.

– Айтары бар ма? Олар біздей емес, әрқайсысы Ата Заңын аузымен сүйіп адал болуға ант береді. Әлгі Кілінтөнді білесің ғой? – деп Жетес сұқ саусағын төбесінен асырып барып қайта түсірді.

Жамылғы көрпеге тұмшаланып, кесер басы ғана қылқиып жатқан Қапар: «Шырамытамын ғой», – деп күбірлеп құтылды.

– Ендеше, Ақ үйдің төрінде отырған соның әлгі бәдік қызбен көз қыспасы бар екен. Аты кім еді қарбашаның? –М... Мо... Ма...

– Мәрзия, – деп Қапар басын сопаң еткізіп суырып алды.

– Қайдағы Мәрзия? Қойшыбайдың қатынын ойлап алжып жатсың ба?

Қапардың көзі кілгіріп, басы қайтадан көрпеге кіріп кетті.

– Моншак емес пе?

ставил пустое блюдо подальше от себя. Приосанился так, как будто подошли к самой сути беседы.

- О ком ты говоришь, о какой-то вшивой и паршивой скотине? Но разве они, посадив тебя самого на пустошь, не высасывают из-под тебя же нефть и не вывозят всю до капли? Нефть! Эх ты, казах, почему не думаешь об этом?!

Қапар, испугавшись, глянул под себя на пёструю, сшитую из лоскутков подстилку, край которой оказался подогнутым. То ли из-под растрескавшейся двери, то ли из окна, собранного из множества стекольных кусков, словом, холодные струи воздуха, пробежавшись по всему телу, заставили его задрожать.

Тем не менее, спрятав свое внутреннее состояние за своим внешним видом и буркнув:

- Похоже, страна эта сильна своими традициями, – хотел он отвести нить разговора в иную от себя сторону. Убавив фитиль лампы, ослабил свет в доме.

- И не говори. Они не такие, как мы, каждый из них, целуя Конституцию, клянётся быть честным. Знаешь же, этого... Клинтона? – Спросил его Жетес, вскинув свой указательный палец и снова его опустил.

Қапар, завернувшись в одеяло так, что лишь видна была только голова, пробурчав: «Имею представление», – спасся от очередного упрека.

- Так вот, у него, сидевшего на троне в Белом Доме, был роман с одной вертихвосткой. Как ее, коварную, звали-то? М...Мо...Ма...

- Марзия, – Қапар, высунув голову, выпалил невпопад.

- Какая Марзия? Думая о жене Койшыбая, совсем свихнулся?

Қапар, сузив глаза, снова спрятал голову под одеяло.

- Не Моншак?



– Мейлі, тесік моншақтың бірі. Тақтың буы шыдата ма, Кілекең президент басымен сол қарбашамен ойнап қойып... Бәйбішесі менің үстіме қатын ұстайын деген екенсің, есіктегі күліңді төріңе шашайын деп шыр салып... По-оу!

Әңгіме шибөріден аулақтаған соң көңілін демдеген аңшы мына жатысына ыңғайсызданып мәйкішең көпшігін қолтықтай кетті.

– Апырым-ай, үлкен жанжал шығыпты-ау!

– Айтпа. Әлгі қарбаша, «тоқал қылып қолыңа кіргізіп ал, оған билігің жетпесе осыған дейін ойнап-күлгеніңнің ақысын төле» деп...

– Содан?

– Кілінтөн бәйбішеден бата алмай жаутандап, екі ортада әлгі қарбаша, «мына әңгі абыройымды айрандай төкті, шеккен зиянымның пұлы мынандай» деп сотқа жүгіріп...

– Ой, маскара-ай!

– Масқараның көкесі соңында. Бұл шатақты халық естіп, у да шу. Еркектер жағы: «Маладес, Кілінтөн, құрттаған шыбыштың құйрығындай немеге сол керек. Тіпті, бұл аз», – деп өре түрегеліссін. Әйелдер болса: «Шілі істейтіндерің осы. Бәрің де ұрғашы зорлайсыңдар. Еркектердің атынан Президентті соттау керек», – деп ырғасып тұрып алсын. Көкайыл қатындарға дауа бар ма?

– Соттады ма?

– «Садағаң кетейін, ел-жұртым, мына қызыл көз пәледен сорлы басымды арашалай көріндер», – деп зар еңіреп халқынан жылу жинаған. Сол қаржыны көңілдесінің алақанына құйып зорға құтылды.

– Заңы қатты екен.

– Елі бетіне қарап отырған басшысын есекке теріс

- Пусть будет, в общем, одна из дырявых бусинок. Разве на троне усидишь смирно? Хоть и был Президентом Биликке*, но, не сдержавшись, устроил любовные игры с этой финтифлюшкой. Его законная жена, узнав об этом, закатила самый настоящий скандал... Что было!!

Так как разговор ушел в сторону от шакалов, охотник, повеселев и посчитав, что лежать в такой позе неудобно, облокотился на подушке.

- Вот это да, крупный дебош, видать, разгорелся.

- Не говори. Эта интриганка выдвинула требование: или возьми меня второй женой, а если на это у тебя не хватит воли, тогда заплати за свои игрыща...

- Потом?

- Клинтон, не решившись, противостоять законной жене, отбивался, утверждая, что эта глупая ворона, вклинилась в его семейные отношения. Побегала в суд и, оговорив его, стала требовать денежного возмещения морального ущерба, выплеснула его авторитет, словно прокисшее молоко.

- Ой, какой кошмар!

- Это еще ягненок, баран кошмара впереди. Народ, узнав об этом скандале, зашумел. Мужская сторона встала за него: «Молодец, Билл, так и надо этой вертихвостке, у которой под хвостом, как у овцы, завелись черви. Даже этого мало», – заголосили мужики. Женщины же, заверещали: «Все время вы этим-то и занимаетесь. Все вы насилуете женщин. Судить надо президента за всех мужчин!» На том и стояли. Разве можно сладить с упрямством женщин?

- Судили?

- Взмолившись: «Народ мой, моя страна, спасите мою несчастную голову от этой голубоглазой напасти», – собрал пожертвования. Эти деньги, всучив в руки своей партнерше по амурам, еле-еле избавился от нее.

- Законы у них, смотрю, очень суровы.

- Конечно. Если этот народ руководителя, избран-



мінгізгенде, ұлттық байлығына мылтық кезегендерді не істемейді? Жаным-ау, әлгі қарбашаның аты... Тілімнің ұшында тұрғанын қарашы...

Шамның майы түгесілді ме, пілте басы қызарды. Көрпені тарс бүркеніп алған Қапар ойы әлем-жәлем боп біраз жатты. Әзер деп кірпігі желімденіп қамаса бастаған.

– Таптым! – деген шынжау сарының ащы айқайы құлағын жарып жібере жаздады.

– Нені?

– Мо-ни-ка!

– Құры! Атаңа ғана нәлет!

Сол түні түс көріп шыққан. Саддам Хусейін екеуі Қошалақтың ақ шағылының арасында шаңытып жайдақ атпен қашып жүр екен...

Ертеңіне орнынан маңдай әжімі батыңқырап, жағы суалып тұрды.

Жеті мүшесі бір-бірін ауырсынғандай, шабан қимылдап киінді.

Басы қайқайып кеткен сүре шегеде ілулі тұрған мылтығы мен оқшантайына қарағысы келмей көзін алып қашты.

Жетес боз ала таңда аттанып кетіпті.

Сыртқа беттеген. Наурыз кеп сере қардың көбесі сөгілгенімен, кемпіршуақ жеткізер емес. Ауада шыңылтыр аяз бар.

Бітеуде тұрған уақ жандығына шөп салайын деп, айырын қолына алды. Қадиша: «Қораның ішін қи мен сабаннан тазартып, намаз оқығандай етіп кеттім», – деп еді. Рас екен.

Дөңгеленіп қалыпты. Малын жайғап біткен соң да үйіне кіргісі келмей түртінектеп жүріп алды.

Әлгі шынжау сарының сайтанның сапалағындай сап ете түсіп, тып-тыныш тірлігін алақұйын етіп

ного им самим, посадил на осла задом наперед, то, что говорить о тех, кто с ружьем в руках покушается на его национальное достояние? Черт по-бери, как же зовут эту чертовщину... На кончике языка вертится...

В лампе, кажется, сгорел весь керосин, кончик фитиля покраснел. Капар, наглухо накрывшийся одеялом, долго лежал, перебирая свои мысли в уме. Только было начали смыкаться ресницы...

- Вспомнил! – Раздался громкий визг рыжего парня, чуть ли не пробив перепонки ушей.

- Что?

- Мо-ни-ка!

- Пропади! Черт бы тебя побрал!

Ночью ему приснился сон. Они вдвоем с Саддамом Хусейном, поднимая пыль среди белых песков Кошалака, отрывались от погони на неоседланных лошадях...

Наутро встал с постели с углубившимися морщинами на лбу и осунувшимися щеками.

Стал одеваться, нехотя, словно части тела ему поменяли местами.

Не желая видеть винтовку и патронташ, что висели на огромном изогнутом гвозде, отвел от них свой взгляд.

Жетес уехал еще с ранним рассветом.

Вышел наружу. Хотя мартовская оттепель и рассекла снежный наст, но он еще таять не начал. В воздухе стоял звонкий мороз.

Взял в руки вилы, чтобы подбросить сена для мелкого скота в овчарне. Хадиша говорила, что она вымела там помет и селому так, словно почистила коврик для намаза. И вправду было так.

Как выбритая голова, выглядела овчарня. После ухода за скотинкой домой заходить не хотелось. Стал ходить по двору взад-вперед.

Надо же, этот рыжий пройдоха, свалившись на голову, словно мухобойка шайтана, превратил



кеткенін қарашы. Заржақ неменің білмейтін сұмдығы жер астында. Баяғыда үгітші боп «Горбачев жасасын!», «Қайта құру жасасын!» деп ала қырды ат терлетіп шауып елдің зықысын алып еді. Мал баққан момын жұрт тап бір «Жасамасын!» деп қарсыласып жатқандай.

Горбачев тағынан тайғанда Жетестің де сөз ләмі лезде құбылып сала берген. «Біліп ем тап осылай боларын. Қарға саңғып кеткендей бас қондырысының өзі ұнамайтын. Райса өзіміздің қыз ғой, таттар ғой. Байына билік бермеді. Күйеу бала ынжық екен. Арандап қалды», – деп бір садақада желдей есіп отырған.

Кешегісін айтсаңшы...

Ғаламдасамыз, шекараны жоямыз, бәріміз құшақтасып табысамыз дей ме, Алла, ит-ай, мұның құшағына кім зәру боп отырғанын?..

Бір ғажабы, қаншама «ақ шақыр» десең де, мұның аузына іліккен жаманаттың келмей қалғаны жоқ.

«Ішкені ұнамайды, бетіммен жер басып біттім», – деп жүріп Ельцинді де орнынан алып тынған жоқ па? Қойнынан қағазын жылтындатып қоймап еді, бұған да тықыр таянған да...

Қызыл тайыншаны қамаған шибөрі көздеп атар кезде тым құрығанда қасқыр мен қарсақтай жалт беріп жоғалмай, қасқайып тұра берді-ау.

Тек «мияу» деп дауыс шығарған. Бұл: «Әй, Қапар, әліңді біл, құмырсқа, жолыңды біл», – дегені-дағы. Артында Америкадай елің тұрса, келсең кел деп қасқия қалмағанда қайтеді?!

Оқ пәршелеп кеткен екі басты кесіп лактырып, терісін кергішке кигізген. Қан-сөлі тамып тұрған етті көміп тастауға қимай итаяққа сүйей салған. Құтжол шоқ басқандай ыршып түссін. Қыңсылап



его размеренную и тихую жизнь в буран, да юлу, вздымающую за собой пыль. То, что этот вездесущий болтун не знает, наверное, лежит под землей. Когда-то, будучи агитатором, лишил всех покоя, взмыливая лошадь и скача по полям и долам с криками-лозунгами «Да здравствует Горбачев!», «Да здравствует перестройка!» Как будто кто-то из скотоводов противился власти этого человека.

Когда же Горбачев лишился трона, то тут же вкус слов Жетеса моментально переменялся. «Знал, что именно так и случится. Не нравилось мне, как выглядела его голова, будто бы окрашенная пометом, исторгнутым вороной. Райса-то хоть наша, все-таки татарка. Не давала мужу властвовать. А зять же наш с вороньим помётом на голове оказался несмелым. Поддался подстрекательствам», – говорил он на одной из поминок, изрыгая красноречие.

А, что сказать про вчерашнее...

В условиях консолидации наций, ликвидируем границы, раскроем друг другу объятия, – так, что ли говорил, словно кто-то жаждет попасть в его объятия...

Самое удивительное, как бы ему ни говорили «предрекай хорошее», но все то гнусное, что липло к его устам, постоянно сбывалось.

Приговаривая: «Не нравится, что он пьет, от стыда я готов сквозь землю провалиться», – успокоился тем, что сместил и Ельцина. То, что он все время тряс своей бумажкой, вытаскивая из кармана ее, видать, не к добру и он, Капар, сядет в лужу.

Когда готовился стрелять в шакалов, взявших в кольцо бурого теленка, тогда они не бежали, сломя голову, как волки и корсаки, а стояли, как вкопанные.

Лишь издавали звуки, похожие на мяуканье. Наверное, этими звуками они говорили ему: «Эй, Капар, знай свою муравьиную дорожку, свое место». Когда за спиной такая страна как Америка, тогда не мудрено, что они вели себя так вызывающе.

...Отрезав две обезображенные пулями головы, шкуры натянул на распялку. Мясо, истекающее кровью и соком, зарывать не стал, пожалел и бросил в собачье корытце. Кутжол вскочил, как



қыр асып қашып, үй маңын көрмей жүріп алды. Жеті қазынаның бірі ғой, ит те болса бір жаманатты сезген-ау.

Жастай кепкен қос теріні қанжығасына бөктеріп Қанішкенге барған. Ондағысы қасқыр басына алты мың теңгеден «байғазы» береді, шибөріге соның жарты ақшасын қиса да, аз нәпақа ма деген ой.

Ақсаймын деп жатып-тұратын агент байғұсты тері мен шуаш иісі қолқаны атқан құрқылтайынан тапты. Әншейінде мұны көргенде жайылып түсетін сорлы кірпідей жиырыла қалыпты. Қара тонның жағасынан басы көрінбей: «Жоғалт! Жоғалт көзін!» – деп сырт айнала берген.

Бұл қаңғыс та бар сұмдықты біліп, ішіне бүгіп тұрған болды...

Пәнде пақыр қашан да өз сорын өзі іздеп табады ғой. Айдалаға лақтырып кетпей, екі теріні дүние көріп, үйіне кері алып кеп барқыттай ғып илегенін айтсаңшы...

Түс ауа тоқал тамына кіріп шай қойған. Бірер кесемен тоқтады. Көкірегінің басына түйіншек боп қадалып тұрып алды. Сосын бата жасады да қиса кетті.

Қисая кеткенде көзі қайтадан көкті көздеп тұрған дара ауыз мылтығы мен оғы ұядағы балапандай шүпірлеген оқшантайға түскені. Сол-ақ екен:

– Қараң батқыр, жалғыз өзімді жауға талатып, әлгі қатынның да келмеуін, – деп орнынан сілкіне тұрды.

Күн көкжиекке еңкейіп қалыпты. Қора жақтан қой маңырады. Шағыр мен жусанға бөртіп енді су дәметіп тұр.

Қарқ ете қалып қанатын жайып аулаққа қарға ұшты.

Баспамен өрмелеп тоқал тамының төбесіне шыққан.



ошпаренный, словно наступил на уголья. Заскулив, он сбежал к косогору, боясь приблизиться к дому. Все-таки, как говорят казахи, собака одна из семи благ казны, видать, почувствовала что-то недоброе.

Две высушенные шкуры, приторочив к седлу, повез в Ганюшкино. Зная о том, что за одну шкуру убитого волка дают премию в шесть тысяч тенге, рассчитывал получить хотя бы половину за шакалов, все-таки, какой никакой, а прибыль.

Хромоногo агента по приемке, который встречал клиентов лежа, нашел на его складе, пропахшем зловонием от шкур и шерсти. Обычно, хотя и медленно, но при его виде поднимающийся, этот несчастный на этот раз съезжился. Не показывая головы из-за воротника черной шубы и взвизгивая: «Убери! Убери совсем!», отвернулся.

Похоже, и этот пройдоха, зная всю эту напасть, держал ее в себе...

Несчастное существо, как всегда, само на себя наводит беду. Надо же, не выбросив в голой степи, а, посчитав добром, привез обратно домой, выделав их, словно бархат.

Уже к обеду, войдя в свою лачугу, поставил чай. Выпил лишь чашку, словно в горле ком застрял. Повалился набок.

Лежа на боку, взгляд его снова упал на направленный в небо ствол винтовки и патронтаж с пулями, похожий на набитый птенцами гнездо. Только этого и ждал:

- Да за что же все эти напасти навалились на мою голову, да и жена, пропади ее тень, оставила меня одного на растерзание врагам, – воскликнул он, вскочив с места.

Солнце уже перевалило зенит. Из овчарни раздалось бляение. Насытившись бурьяном и польнюю, овцы теперь просили воды.

Каркнув и размахивая крыльями, взлетела ворона.

Вскарабкался по лестнице на крышу дома.



Аузы қара май жаққандай үңірейіп мұржа тұр. Кешқұрым түгін шықпағасын бұл да жетім екен ғой.

Өндіршек созып айдау жолға қарап еді, алыстан қыбырлап бір қарауытқан көрінді. Сар желдіріп келе жатқан Қадиша шығар. Сән қысып, барқыттай теріні етек-жеңі қырқыла бастаған пальтосының жағасына жапсырып...

Қанішкенде қай бір тілеулес ел бар?! Әріп таныса бітті, ақ қағазға күн туады. Еңбектеп жүрген сәбиіне дейін теледидардың алдына жатып ұйықтайды. Солардың көзінше ат үстінде көлбең қағып... Бар дұшпанды соңынан малдай маңыратып келеді десеңші!

Өлейін десе жан тәтті, кірейін десе жер қатты боп торығып «Уһ!» деп жан-жағына көз тіккен.

Екі қолының астында шибөрінің екі басы жатыр. Тұла бойын лап етіп суық леп ұрды. Басы шыңылдап, баяғы бала күнгі бағана басында тұратын бірқұлақ радионың қырылдақ дауысындай түсініксіз шуыл бел алып барады.

– Балалар-ау ойнап жүріп төбеге лақтырып тастаған, – деп буынын бекітіп еді. Енді көзі бұлдырап, мойны былқылдап қоя берді.

Ептеп еңкейіп аяқ астына қараған, мыж-мыж боп жатқан екі бас сығырая қарап бұдан жүз аударар емес. Қап-қара тұмсығын көкке шүйіріп, сазара қалыпты.

Тіпті, жер тырнап жылжып, балағынан ала кететіндей. «Африкадағы әумесерлер сазайын тартқан. Ендігі кезек, Қапар, сенікі. Тоқтай тұр, бәлем! Мияу», – дейтіндей.

Жаны қысылып жалма-жан айдау жолға қараған. Қадиша қаракермен лекітіп келеді екен. Етек-жеңі қырқылып қалған ескі пальтосының жағасы қызыл шоктай жайнайды. Жаға емес, шибөрі мойнын айналып алас ұрып жүгіріп жүргендей. Қонар ұясына ұшқан қара қарға ма, әйтеуір аспанда қарауытқандар қаптап кетіпті. Бірқұлақ радио қайтадан қырылдап, бұ жолы вертолеттің дауысы анық естілді.

Словно рот, намазанный черным маслом, зияла дыра трубы. Поскольку не валил из нее дым со вчерашнего дня, и она выглядела сиротинушкой.

Вытянув кадык, оглядел дорогу, издали чернело что-то передвигающееся. Наверное, едет Хадиша, нарядившись в свое протертое пальто с великолепным воротником, красивым и мягким, как бархат.

Откуда взяться в Ганюшкино доброжелательным людям. Как только выучивают буквы, так все, – беда бумаге, строчат жалобы и доносы. Наверное, и там они шумят по поводу треклятого воротника.

Захочешь умереть, – душа дорога, захочешь закопаться, – земля тверда, – ух! Отчаявшись, огляделся по сторонам.

Под руками оказались две головы шакалов. По всему телу пробежали мурашки. В ушах зазвенело, стали охватывать ещё знакомые с детства непонятные и хриплые шумы, похожие на звуки радио, прибитого к столбу.

- Наверное, дети, играя, забросили их сюда, – пытался успокоить себя. Но в глазах помутилось, шея обессилена подогнулась.

Осторожно нагнувшись, посмотрел под ноги, эти обезображенные головы, сузив глаза, смотрели на него неотрывно.

Похоже, даже готовы были, царапая землю, ухватить его за штанины. К тому же, они словно говорили: «Негры в Африке свое наказание получили. Теперь твоя очередь, Капар. Ну, смотри, скоро дождешься. Мияу».

Тут же, испугавшись, оглянулся на дорогу. Хадиша была уже близко. Воротник изношенного пальто светился, как уголек. Не воротник, а будто бы шакал, вертась вокруг ее шеи, описывал круги. Наверное, вороны летели к своим гнездам, в общем, небо почернело от заполнивших его черных точек. Снова захрипело радио, но на этот раз это были звуки приближающегося вертолета.



– Аллам-ау, – деді амалы таусылған аңшы үні тозып, мұржаға сүйене кетіп. – Шәуілдеген жаман шибөрі Американың ұлттық байлығы болсын. Мен сонда Қазақстанның кімімін? Өкпесіне тебер өгейімін бе? Бұ дүниеде жиғаным, о дүниеде иманым бұйырмай кететіндей сұрауым жоқ па? Оң қол қиянатқа жүгірсе, сол қол арашаға ұмтылмас па... Бұл ел – ел ме, әлде ашық-тесік жатқан мал қора ма?..

Көзінен екі тамшы жас езіліп түсті.

Батар күн пәни дүниенің қашты-қуды қызығын қимағандай, бір құлағын қылтитып, айналаны жез легендей жылтыратып тұр.

- О, Аллах мой, – прошептал обессиленный охотник, прислонившись к трубе. – Пусть визжащие шакалы будут национальным достоянием Америки. А кто я тогда для родного Казахстана? Приёмш, которого можно поддать ногой? Коль я не нужен никому в этом мире, понадоблюсь ли на том свете? Хотя бы Всевышнему... Если чужая рука вцепится в горло, то разве собственная не стремится вырвать тебя из этой хватки? Эта родина моя – страна или открытый скотный двор?

Из глаз скатились две капли слезинок.

Закатывающееся солнце, как будто не желая покидать перипетии этого мира, выставив лишь своё ушко, освещало всё вокруг ярким багрянцем.

Примечания:

- **нар** – одnogорбый верблюдо
- **кетинец** – от этнонима *Кете* (казахское племя)
- **таминец** – от этнонима *Тама* (казахское племя)
- **моншак** – бусинка
- **Билеке** – игра слов: 1) уважительный вариант имени *Билл* + 2) уменьшительный вариант слова *билек* (власть).

